

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН  
АТЫНДАҒЫ №76 МЕКТЕП-  
ЛИЦЕЙ» ШАРУАШЫЛЫҚ  
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
КОММУНАЛДЫҚ КӘСПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО  
ВЕДЕНИЯ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №76  
ИМЕНИ АЛИХАНА БОКЕЙХАНА»  
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,  
Түркістан көшесі, 10/1 үй,  
тел.: 8 (7172) 576583  
e-mail:shl\_76\_astana@inbox.ru

010000, город Астана, район Есиль,  
улица Түркістан, дом 10/1,  
тел.: 8 (7172) 576583  
e-mail: shl\_76\_astana@inbox.ru

БҰЙРЫҚ №297

«01» 09 2023 ж.

**«2023 – 2024 оқу жылына мектепте  
бастауыш сынып оқушыларын және  
жекелендірілген санаттағы білім алушыларды  
тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»**

Астана қаласы Білім басқармасының 06.09.2023 жылғы № 1871 бұйрығы  
негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары М.З Турашева мен әлеуметтік педагог А.С Кожакиеваға:
  - 1) Бастауыш сынып оқушыларының тегін тамақтануын қамтамасыз етсін.
  - 2) Бастауыш сынып оқушыларының тамақтану кестесін жасап және бекіту, күнделікті есеп жүргізу, ас мәзірінің ата-аналар мен оқушылардың заңды тұлғалары үшін қолжетімді жерге орналастыру, әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуын бақылау есебін тапсыру әлеуметтік педагог А.С. Кожакиеваға тапсырылсын;
  - 3) Асхана мен буфеттерде білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.
2. Жекелендірілген санаттағы білім алушыларды мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде тегін сапалы тамақтандырудың жауапкершілігі әлеуметтік педагог А.С. Кожакиеваға жүктелсін. (тізім қоса беріледі)
3. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
4. Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Бракеражды комиссия құрылып, оның құрамына ата-аналар қоғамының өкілдері енгізілген;
5. Асханада кезекшілік ұйымдастыру жұмысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.У. Ажикабуловаға жүктелсін.
6. Санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік

ұсыныстарына сәйкес білім беру мекемелерінде тамақтануды ұйымдастыруға санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын; аталған шараны бақылау мектеп медбикесі А.Сагинова мен А. Дюсоваға жүктелсін.






7. Тамақтың дұрыс дайындалуын, сапасын және қызмет көрсетуді қадағалау мектептің медбикесі А.Сагинова мен А Дюсоваға жүктелсін.
8. Бас есепші Е.А. Турашевқа бастауыш сынып оқушылары үшін тамақтандыруды ұйымдастыруға қарастырылған, бөлінген қаражаттардың мақсатты орындалуы мен жұмсалуды бойынша уақытылы шаралар қабылдап, жүзеге асыру тапсырылсын.
9. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.
10. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде мағлұмат берілсін;
11. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақытылы берілсін.
12. Тамақтану кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.
13. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылау А.С. Кожакиеваға жүктелсін.
14. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі қатаң түрде мектептің Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес (газдалған сусындар, фасфудтар, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.
15. Тамақтану кесте бойынша және сынып жетекшілерінің қатысуымен өтсін.
16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.Б. Сейдеш

Бұйрықпен таныстым:

Кожакиева А.С.   
Ажикабулова А.У.   
Турашева М.З.   
Турашев Е.А.   
Сагинова А.К.   
Дюсова А. 